

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 және 26 желтоқсандағы № 1287 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 1378 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 49, 518-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумда: «ҚазАгро холдингі» АҚ-ны басқару мәселелері» деген 5-бөлімде: үшінші бөлікте:

«Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің,» деген сөздер алып тасталсын;

«Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 N 377 қаулысымен. Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.04.2014 N 377 қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*